

Шағын несие алуға қажетті құжаттар тізімі

№	Құжат атауы	Құжат түрі/қосымша мәлімет
1	Сенім білдірілген (агент) ұйымның ішкі нормативті құжаттарына сәйкес шағын несие алу үшін толтырылатын сауалнама – өтініш	түпнұсқа*/ электронды құжат**
2	Жеке басты куәландыратын құжат, өтініш берушінің/қарыз алушының ЖК/ШҚ/ФҚ ретіндегі заңды мәртебесін растайтын құжаттар (ЖК мемлекеттік тіркеу туралы куәлік/анықтама / куәлікке қосымша)	көшірме/ құжаттың электронды көшірмесі**/ мемлекеттік деректер базасынан алынған электронды үлгідегі мәлімет
3	Несие тарихы субъектісінің ол туралы несие бюросына ақпарат беру, сонымен қатар несие есебін сұраушыға несие есебін беру туралы келісімі	түпнұсқа*/ электронды құжат
4	Субъектінің берілген шағын несие және шағын несие беру туралы келісім-шарты бойынша міндеттемелерді орындағаны/орындамағаны туралы барлық мәліметті мемлекеттік (соның ішінде құқық қорғау)/мемлекеттік емес органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы келісімі	түпнұсқа*/ электронды құжат **
5	<i>Жобаның бизнес-жоспары (жобаның сипаттамасы, өндірістік көрсеткіштері, жобаны жүзеге асырудың қаржылық көрсеткіштері, маркетингтік жоспар, жобаны жүзеге асырудың негіздемесі және т.б. көрсетілуі тиіс)</i>	Қатысушы/үміткердің қолы қойылған түпнұсқа/ электронды құжат **
6	Уәкілетті органның қатысушының/үміткердің шағын несие алу, кепілге мүлік беру жөніндегі келісім-шартын мақұлдау туралы шешімі	түпнұсқа (шағын несие мақұлданған соң тапсырылады)
7	Кепіл берушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және сенім білдірілген (агент) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес рәсімделген мүлікті кепілге беру туралы келісімі	түпнұсқа (шағын несие мақұлданған соң тапсырылады)
8	Қызмет көрсетуші банктен шоттың бар екенін растайтын анықтама	түпнұсқа (шағын несие мақұлданған соң тапсырылады)/ электронды құжат **
9	Қаржы институттарынан (қарыз болған жағдайда) несие берешегінің, соның ішінде мерзімі өткен берешегінің болуы туралы анықтамалар	түпнұсқа (уәкілетті тұлға растаған түпнұсқаның көшірмесін берілген күннен бастап 30 күн ішінде тапсыруға рұқсат етіледі) / несие бюроасынан алынған электронды форматтағы мәлімет

10	Қатысушының/ үміткердің жалақысын және (немесе) өзге кіріс түрін растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмесі)	түпнұсқа (қолында болса)/ мемлекеттік деректер базасынан алынған электронды үлгідегі мәлімет
11	Кепіл ретінде берілетін мүлік бағасы туралы есеп	түпнұсқа/электронды құжат**
12	Кепіл беруші мен кепілге қойылатын мүліктің құжаттары	көшірме***/ мемлекеттік деректер базасынан алынған электронды үлгідегі мәлімет

* Сенім білдірілген (агент) ұйым қызметкерінің көзінше толтырылады;

** шағын несиеге өтініш қабылдау автоматтандырылған жүйеде жүргізілген жағдайда

*** құжаттардың көшірмесі түпнұсқамен салыстырылады.